

Қазақ тойының түрлері мен қызметіне этносемантикалық талдау¹

Аңдатпа. Той жасаудың шығу тәркіні құрбандық шалып, ата-баба аруағынан қолдау сұрау, сол арқылы аруақтардың, тылсым күштердің зиянды әрекеттерінен сақтану қажеттігі жөніндегі байырғы ұғым-түсініктерге байланысты. Қазақ тұрмысында шілдехана, бесік той, сүндет той, тәрізді басты орын алатын тойлар мен қыз ұзатуға, үйлендіруге қатысты маңызды тойлар, сондай-ақ сабан той, қымызмұрындық, бие ағыту, күйек алу, қырман қандау, шашыратқы беру сияқты іс-шаралар да қауым болып, ұжымдасып атқаратын шаруашылық циклына қатысты үлкенді-кішілі іс-шараларға жатады. Көбінесе жаз жайлауда өткізілетін тойға алдын-ала хабаршы жіберіліп, әнші-күйші, ақындар, балуандар шақырылады, бәйге жарияланады, көкпар тартылады, қыз қуу, теңге ілу (күміс алу), жамбы ату, жорға салу тәрізді ойындар, бәсекежарыстар ұйымдастырылады. Мақалада байырғы уақытта өткізілетін тойлар мен қазіргі кездегі тойлардың мәдени-әлеуметтік ерекшеліктеріне этносемантикалық талдау жасалады.

Түйін сөздер: гедоникалық құндылықтар, амбивалентті бағалаушылық, этикалық норма, фрейм-сценарий, этикеттік стереотиптер, әсіре тойшылық мінез, паремнологизмдер, биоәлеуметтік организм, эстетикалық таным, этномәдени қоғамдастық.

DOI: 10.32523/2616-678X-2021-135-2-32-39

Кіріспе

Жайшылықта байқала бермейтін қазақтың әсіретойшылық мінезі ел ішінде индет жайлаған осы бір қиын-қыстау, қысталаң тұста өзін-өзі теріс жақтан тағы бір көрсетіп отыр.

ҚР Президенті, мемлекет басшымыз Қасым-Жомарт Тоқаевтың төтенше жағдай, сын сағаттағы бұндай тойшылыққа тыйым салуына, Үкіметіміздің қатаң шаралар қолдануына тура келді.

Байырғы кезде ел ақсақалдары, ауыл ағаларының индет басталған кезден

топалаңның тойын жасамақсыңдар ма?! деп, ас-жиын, той-томалаққа тоқтау салып тастайтыны да, игіліктің ерте-кеші жоқ, сәтін күтейік дейтін байсалды байлам жасайтыны да естен шығып кетті.

Демеске болмайтын бұл жайт себепсізден айтылып отырған жоқ. Әр нәрсенің өткен кезеңі, келер кезегі бар. Өз заманыңда ас-тойлардың ерекше құндылықтар қатарында болғаны да ақиқат [1, 394 б.].

Байырғы ел тұрмысында небір тұмарлы жүйрік қосқан бәйгелі ас-тойлардың саба түбі сарқындысы XIX ғасырдың басына дейін

¹ Мақала 2021-2023 жылдарға арналған «Қазақ тілінің лингвомәдени сөздігі: этносемантикалық талдау» атты гранттық жобаға байланысты жазылып отыр. Қажетті материалды жинап, жүйелеуді авторлар бірлесіп атқарды.

жетіп, бірте-бірте, ілуде бір болмаса, қала бастаған еді.

Зерттеу әдістері

Сипаттама, этнолингвистикалық, этносемантикалық талдау.

Талқылау

Көптеген халықтардың салт-дәстүр дүниесінде ежелден келе жатқан жалпыхалықтық сипаттағы той-жиындар, күнтізбелік мейрамдар, ұлттық ойын-сауықтар, әралуан қызықты спорт жарыстары көптеп кездеседі. Бұлар тек көңіл көтеретін гедоникалық қана емес, қоғамдағы әлеуметтік жіктер мен топтарға ортақ, олардың бірегейлігіне ұйытқы болатын мәдени-әлеуметтік мәнге ие шаралар деп танылады.

Діни мазмұндағы мейрамдар да, айтулы күндер де осы сияқты әлеуметтік сипатқа ие шаралар санатына жатады.

Жыл айналып оралатын Ұлыстың ұлы мейрамы *Наурыз*, жыл ішіндегі айларды аралап келетін қасиетті *Құрбан айт*, *Ораза айт* мейрамдарының мәнмазмұны осы тұрғыдан да ерекше. ЖАҚСЫ НИЕТ *білдіру*, ЖАҚСЫ СӨЗ *айту*, ЖАҚСЫ ІС *істеу* қоғамдағы ізгіліктің нышанына айналды.

Бұндай ҮШ ЖАҚСЫ-ның мәні мейрамға тән көтеріңкі көңіл күймен қатар адамның, ұжымның, қоғамның қазіргіше айтқанда, рухани тазару, жаңару, жасару акциясы іспетті болды. *Жақсы сөз – жарым ырыс; жақсының жүзін көрмек – жарым ырыс* дейтіндер этикалық норманың тілдік референттері. Аталмыш мейрамдардың қоғамдағы ұлттық ерекшеліктерге тән этикалық, этикеттік нормаларды қалыптастырудағы мәні де айрықша болғаны белгілі.

Алайда, «*Той болса, тон киелік, біз баралық*» деп, Абай айтқандай, байырғы қазақы ортаның тұрмыс-салтында өткізілетін той-жиындарының, думанды, дүбірлі тойларының өмірдегі, қоғамдағы орны қандай болды?

Бұл жайында алдымен айтарымыз: этномәдени ұжымның тілдік санасында

амбивалентті сипаттағы екі түрлі субъективті бағалауыштық түсініктің болғаны байқалады. Біріншісі – «*жиган-тергеніміз тойға шашылсын*» дейтін мәрттікпен байланысты тойшылдық мінез де, екіншісі оған қарама-қарсы – «*әсіретойшылмыз*» дейтін сыншылдық көзқарас. Сыншылдық сипат Абайда да, Шәкәрім қажы, А.Байтұрсынұлында да кездеседі.

Халық тілінің лексика-фразеологиялық қорында тойшылдықты әсіре дәріптейтін де, сынап-мінейтін де қолданыстар бар.

Бағалауыштықта ұшырасатын мұндай амбивалентті көзқарас объектінің немесе уақиғаның сыртқы сипатына қарайғы бағалауыш па? Әлде оның ішкі мәнін танытатын бағалауыш па?

Алайда заттың, құбылыстың, уақиғаның сыртқы көрінісі мен ішкі сипаты сәйкесетін де, сәйкеспейтін де тұстары болатыны белгілі.

Бұл ретте байырғы қазақ қоғамындағы (XX ғ. дейінгі) ас-тойлардың *аста-төк той; топты қонақ, топыр той; дүбірлі той; торқалы той, топырақты өлім* (марқұмның асын беруге байланысты айтылады); *топырақ тойы* (марқұмның жылы беріліп, бірақ асы кейіннен берілген той) тәрізді т.б. атауларды, сөз жоқ, қоғамның өткен кезеңдердегі құндылықтарының тілдік референттері ретінде тани отырып, оларды мәдени семантикалық қырдан барлап көруімізге тура келеді.

Мысалы, *аста-төк дастарқан* – «тойда жайылған дастарқандағы аса мол тамақ». Бұл – аталмыш фразеологизмнің тілішілік мағынасы, атап айтқанда, тілдік материал ғана. Ал лексика-фразеологиялық бірліктер семантикасының онтологиялық болмысы, түптеп келгенде, тілден тысқары аядағы зат, құбылыс, уақиғалармен – «Адам», «Табиғат», «Қоғам» макроүштігімен – байланысты болып келеді. Тойдағы *аста-төк дастарқан* – тек «тағам молдығының» эталоны ғана емес, бұған қоса дастарқан иесінің қонаққа деген кең пейілінің де символикасы. Олай болатыны қазақы дәстүрде «*қонақ табаққа емес, қабаққа қарайды*»; «*қонақ етке емес, ниетке риза болады*» дейді. Қонақ шақырумен

байланысты бұндай символикалар семасиологиялық лексикологияда этномәдени лингвосемантикалық мәнділік деп танылады.

Сондай-ақ аста-төк дастарқан – *томалақ тойда* жайылған мол дастарқан ғана емес, *ат жүгірткен дүбірлі аста, қыз ұзатып, келін түсірген топты қонақ, топырлы тойларда*, сонымен қатар жалпыхалықтық сипаттағы *Наурыз, Құрбан айт, Ораза айт* мейрамдарында жайылған дастарқан. Басқаша айтқанда, *аста-төк дастарқан* әлеуметтік сипатқа ие той-мейрамдардың басты атрибуты болып табылады. Бұл – әуелгі мағынадағы «*ас та, төгіп таста*» дейтін праформаның фразеологияланып, тұрақты сөз орамына айналған түрі. Фразеологизмдер – тілдің бірінші деңгейдегі емес, екінші деңгейге тән ерекше лексика-семантикалық бірліктер.

Қазақтың аста-төк тойындағы қонақ күту дәстүрі ата-баба жолы бойынша әртүрлі ғұрыптармен, салт-дәстүрлермен, этикалық әдет-ғұрып нормаларымен де өзара байланысты кешенді әлеуметтік шара екені байқалады.

Құнанбай сынды рулы ел, жалпақ жұрттың толағай тұлғасы қайтыс болғанда жылы беріліп, асы өткізілмеген екен. Кейбір деректерге қарағанда, Абай «асқа деп жиналған малды сатқызып, ақшасын орыс мектептерінде оқитын қазақ балаларына бергізіпті».

Ат жүгіртіп, аста-төк ас өткізгеннен гөрі игілікке жұмсаған мұндай істің сауабы дінмұсылманшылықта аса зор болса керек. Азаматтық қоғам мен адамгершілік тұрғысынан да солай.

Алайда өткен замандардағыдай уақиғалы, айтулы ас-тойлар салтдәстүрден шыға бастағанмен, «*жиган-тергеніміз тойға шашылсын*» дейтін әсіретойшылық мінез-құлық тұрмыстық санадан ығыса қойған жоқ. Халықтың өз пайымдауымен айтқанда, «қанға сіңген әдетке» айналды. Қазіргілер бұндай мінезді этнос болмысындағы гендік ерекшелік дейді. Қалай десеңіз де қазақтың әсіретойшылық мінезі әлеуметтік стереотипке айналды. Әлеуметтік этнография

саласындағылар аталмыш тойшылықты этникалық санадағы құндылықтардың бірі деп қарайды. Құндылық екені рас. Бірақ қазақтың қазіргі тойы қандай құндылық? Жауабы белгілі: біріміз көлге, біріміз шөлге тартамыз.

Бағдарға алар дана тұлғаларымыз Абай, Ыбырай, Шәкәрім қажы, Ахмет Байтұрсынұлы қазақтың әсіретойшылықтың мүлде құптамаған. Малыңды («ақшанды») білімге, өнер (кәсіп) ашуға жұмса дегендерін ақыл тұта тұра, «мақұлы» басқа болып жатады. Бұрынғылар да, қазіргілер де солай.

Сөздік қордағы халықтық атауларға қарағанда қазақтың дүние есігін ашқаннан жапқанға дейінгі той мен той-томалақтары көп болмаса, аз емес екен: *шілдехана, бесік той, ашамай той, сүндет той, ұрын той, келін той, қыз ұзату тойы, қоныс той* (қонысмайлар) т. б. *Ас беру, топырақ тойы, торқалы той* т.б. өмірден озғандарға бағышталған той атаулары.

Аталмыш тойлардың қай-қайсы болмасын дастарқаны аса мол болып, асып-төгіліп жатады. Дастарқан – тойдың негізгі атрибуты. Тойшылар той иесінің пейіл жомарттығын дастарқанынан байқайды.

Міне, бұлардың бәрі гедоникалық құндылықтар жүйесіндегі ұғым атаулары болғанмен, ауқымы да, мазмұн межесі де әралуан. Олардың қайсы бірін *томалақ той* десе, енді бірін *аста-төк той* дейді.

Нәтижелер

Томалақ той атауы той-томалақ деген қос сөздің сыңарында қосарлана жүргені болмаса, ел ішінде ұмыт бола бастаған сыңайлы. Аталмыш атау қазақ мәдениетіндегі ескіліктерді арыдан танитын байырғы аға буын әдебиетші ғалым Әуелбек Қоңыратбаевтың отызыншы жылдары қазақтың үйлену салтына байланысты жазған-сызғандарында кездеседі. *Той-томалақ* жалпы той атаулының жиынтық атауы болса, *томалақ той деп шілдеhana, бесік той, баланы ашамайға мінгізу тойы, сүндет той, келін той* т.б. тәрізді ауыл-үй, ауыл арасындағы тойларды атаса керек.

Ауқымы азды-көпті ауыл-үй, ауыл-ел арасын қамтитын томалақ тойдың өзіндік салт-дәстүрі бар: *тойға шашу, тойбастар, жұптыр айтыс, тойдан сарқыт, тойтабақ тарту*, ән салып, домбыра тарту; ізгі тілек айтып, бата жасау т.б. көңіл көтеруге жатады. Оңашалау үйде жастардың ойын-сауығы болады. Әсіресе қара өлең түріндегі *жұптыр айтыстың* орны ерекше.

Томалақ тойда айтылатын «өлеңнің бастау сөзі» «құлақ күйі» болады дей келіп, Сәкен Сейфуллин арғын руында көбінесе: *Арияйдай дегенге арияйдай, Ақ серкенің мүйізі қарагайдай. Бір Аллага шет болсаң, бол өзің шет. Әлде болса көңілім баяғыдай.*

Ал Ұлы Жүз руларында:

Айт дегенде айтайын арияйдай,

Аулың сенің белде еді бойдай талды-ай...

десе, Кіші Жүз жағында бұрын жырды, көбінесе, былай бастаған тәрізді:

Арайна деген, арайна,

Арайна десем болмай ма?

Арайнасыз әрқайда

Ердің ісі оңғай ма?! – дейді.

Дей отырып, С.Сейфуллин «Өлең айт дегендегі үйреншікті сөздер Үш Жүздің бәріне ортақ және «арайна», «арияйдайлардың» жұрнағы бөлек болса да, түбірі бір», – деп ой түйеді.

Аста-төк той. Жеке бір үй немесе көршілес екі-үш ауыл көлемінде өткізетін *томалақ той* емес, *ас беру, қыз ұзату, келін түсіру* тәрізді рулы ел шақырып өткізетін әл-ауқатты аса жоғары адамдардың дүбірлі аста-төк тойлары қазақ қоғамында аз болмаған. Ондай уақиғалы тойларда топты қонақ күтудің қиындығы да, материалдық шығыны да аса көп болған.

Бұндай уақиғалы тойды, қысқаша фрейм-сценарий форматына салып айтсақ, төмендегідей жайттарды байқаймыз:

Той иелері 5-6 ай шамасы бұрын *сауын айтып*, алыс-жақын ағайын-туыс, құда-жегжаттары, дос-тамырлары, бастастары мен құлақтастарын хабардар етіп, елдің игі жақсыларына тойдың өтетін орны мен мерзімін айтып, хабар жеткізеді. Жаз жайлау – қазақтың аста-төк ас беріп, топты қонақ, топырлы тойлар өткізетін кезі. Малшы

қауымның биоэкологиялық танымында жайлау оты да ерекше. Олай болатыны шөптің күн көзінен алатын қуаты бұл кезде басына шығып, малға шел байлана бастайды.

Әдетте, тойдың басталып, аяқталар уақыты 3-5 күн болғанмен, қонақтардың алды-арты жиналып келе бастауы мен тойдан қайта бастауын есепке алсақ, 5-7 күнге дейін созылады. Этикеттік стереотиптер бойынша қонақтарды едәуір жерден қалай қарсы алса, оларды қыр асырып, солай шығарып салады.

Сонымен қатар аста-төк тойдың тарқар тұсында арнайы билерге тігілген үй алдында мұратына жетпей қалған ел ішіндегі дау қаралып, тиянақ табатын кездері де болады.

Сонымен, тойдың мәртебелі субъектілері – *батыр бастас, бай табақтас, би құлақтас* болып елді-еліне қайтады. Жай қайтпайды, рулы қоғамдағы әлеуметтік жіктер мен топтардың арасындағы қарым-қатынасқа ұйытқы болып қайтады. Тойшылардың арасында бір-бірімен құда, жегжат, дос, тамыр болып қайтатындар да кездеседі.

Арасы әудемжердегі кентті елдердей емес, мыңғырған түлікке кең өріс сайлап, бір-бірінен неше күншілік алыс жатқан ұлы дала жұртшылығының барыс-келіс, алыс-беріс қатынасы оңайға соқпаса керек. Сондықтан болар, жылқы мінезді дала жұрты бір-бірімен ас беру, қуаныш тойын өткізу сияқты «*бір өлі*», «*бір тірідегі*» қарым-қатынаста «үйірін аңсаған жылқы баласындай» шұрқыраса табысып жатады.

Өткен ғасырлардағы этнографиялық жазба деректерде айтылғандай, әлеуметтік сипаттағы бұндай айтулы ас-жиындарда, топты қонақ топыр тойларда 300-400-дей үй тігіліп, әр үйге бір жылқы, 4-5 қойдан сойылатын болған. Қаншама ошақ қазылып, қаншама тайжүзген қазан асылып, саба-саба қымыз әзірленетіні өз алдына.

Ф.А.Фиельструптың Үш Жүз қазақтарының салт-дәстүрлері бойынша жинаған этнографиялық деректерінде адайлардың берген асында 450-500-дей үй тігіліп, 5-6 мыңдай адам күтілген, 700-1000 тұяқ қой сойылған [2, 148 б.]. Осы сияқты деректерді Алтынсарин [3, 255 б.], әсіресе Плотниковтың

[4, 259 б.] т.б. зерттеушілердің этнографиялық жазбаларынан кездестіруге болады.

Оның үстіне айналасы 200-300 шақырымнан да шалғай жерлерден артынып-тартынып келген рулы елдердің сыйлы, мәртебелі тұлғалары өз алдына бір төбе. «Той десе, қу бас домалайды» дегендей, ауыл-аймақтың қойшы-қолаңдарына дейін тойдан қалмайды. Қазақтың «*ас аттынікі, той тондынікі*» деп, той десе, тоқтамай жүріп кететіні тағы бар. Этнос санасындағы тойшылық мінездің тілдік бейнесі, міне, осындай. Тіпті кез келген жолаушы, кездейсоқ жүргіншілер де кентті елдердегідей емес, дала дәстүрі бойынша қазақы той дастарқанының субъектісі бола алады.

Бұндай аста-төк той материалдық зор шығын, мақтангершілік, бай-бағыландардың атақ-даңқын шығару деп те бағаланады. Рас, материалдық жақтан орасан шығын екенін де, той иелерінің атақ-абырой алатынын да жоққа шығаруға болмас. Дегенмен бұндай біржақты бағалау сөз болып отырған объектіміздің (той уақиғасының) сырт көрінісіне байланысты болса керек. Бұл жерде біз той уақиғасының сырт көрінісі мен ішкі мәнін бір-бірімен байланыстыра айтпақшымыз.

Егер *аста-төк тойдың* лексика-семантикалық өрісіне, мазмұнына қатысты ақпараттарды аша түссек, бұндай аста-төк той – ақындар айтысы, салсерілердің өнер жарысы өтетін аспан асты ашық сахна, ал ат бәйгесі, жорға жарыс бәйгесі, жамбы ату, теңге ілу, атүсті аударыспақ, балуан күрес, көкпар тарту тәрізді бір жағы халықтық, бір жағы әскери спорт ойындарының өтетін ашық алаңы (стадионы) деуге болады.

Бұл жағынан аста-төк сипатындағы айтулы той-жиын ертеректегі қазақ қоғамында өткізілетін кешенді мәдени-әлеуметтік ерекше шаралар болып саналады. Өйткені алыс-жақын аймақтардағы рулы елдердің басын қосатын аста-төк той, той-мейрам, той-томалақтар, сайып келгенде, салт-дәстүр, әдеттұрып, этикалық стереотиптер мен тілдік нормаларды қалыптан шыққандай бірегейлендіретін кешенді әлеуметтік шаралардың ішкі мәні болып саналады.

Осындай мәдени-әлеуметтік шаралардың ішкі мән-мағынасының «*біз біргеміз*», «*бір бір-бірімізге бөтен емеспіз, жат емеспіз*», «*өзгелерге ұқсамайтын өзгешеміз*» дейтін мәнділігі бар. Сондықтан уақиғалы ас-тойлардың ішкі сипатын қарапайым халық тілінің өз сөзімен айтқанда «*Алты Алаштың ағасымыз, Қазақбайдың баласымыз*» дегендей ұлттық сананың сонау бір замандардағы қалыптасуына оң әсерін тигізген құндылықтар қатарында қарауға тура келеді.

Біз бұл тұста халқымыздың өткендегі (XX ғ. басына дейінгі) мәдениәлеуметтік сипаттағы той-жиындарынқызықтау үшін айтып отырған жоқпыз. Тілдік материалдардың – лексика-фразеологизмдер мен паремнологизмдердің – астырттағы этномәдени мәнділіктеріне назар аударуды мақсат тұттық.

Сондағы айтпағымыз, байырғы рулы қазақ қоғамының өзін біртұтас биоәлеуметтік организм десек, аста-төк той өткізіп, топты қонақ күту дәстүрі сол биоәлеуметтік организм ағзаларының бірі «бас», бірі «көз», бірі «құлақ», бірі «қол-аяқ» болып бір-бірімен өзара байланысты әрі үйлесімді іс-қимыл әрекеті деп пайымдауға тура келеді.

Қорытынды

Бұл айтылғандар, бір есептен, биоәлеуметтік организмнің бейбіт күн, мамыражай дала өміріндегі ынтымақтасқан, үйлесімді ұжымдық іс қимылы болса керек.

Ал ұланғайыр Ұлы Дала аясындағы этномәдени қоғамдастықтың жаугершілік, басқыншылық, тілсіз жау (әсіресе су тасқыны, өрт) сияқты төтенше жағдайларда да биоәлеуметтік организмнің мобильді, үйлесімді, әрі жұмыла іс-қимыл етуі де қауіпсіздікке жататын амалдар болса керек. Бейбіт өмірдегі атқарылатын әлгіндей уақиғалар той амалдарындағы үйлесімділік, ұжымшылдық төтенше жағдай үшін тәжірибе әрі тағылым іспетті деуге болады. Халықтың қарапайым сөзімен айтсақ, қандай жағдайда болмасын бұндай әлеуметтік ынтымақтастықты *бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығару* дейді. Бұл – ынтымақтастықтың ұжымдық санадағы бейнесі.

Әдебиетіміздің маңдайалды бақжұлдызы Ғабит Мүсіреповтің дәріпті қаламынан шыққан ертеректегі мына сөзі, ойлансақ, бүгінгі айтып жүргендерімізден әлдеқайда терең екен. Академик жазушы былай деген екен.

«Дүниеде қанша жасаса да, қанша жерге жайылса да, қанша уақыт сырт жұртқа бағынса да Үш жүз деп аталатын қазақ халқында мынадай жігі айырылмайтын тұтастықтар бар: тілі, әні, күйі, аспаптары» дейді. Дей келіп, «Үш жүздің адамдарының мінездері, құлықтары, намысқойлықтары, көнбістіктері, қонақжайлылықтары, жігіттің қызға, қыздың жігітке бейімдесулері бәрі бірдей» депті [5, 411 б.].

Байқасақ, Ғ.Мүсірепов ұлттық бірегейлік пен құндылықтарды айтқан екен. Алайда, «ұлттық бірегейлік» деген терминдік мазмұндағы ұғым атауы ол кездері бола қоймаған. Бола қоймаса да дәл бүгінгідей емес, жаһандану қаупі төнбей тұрған сол кездердің өзінде Ғ.Мүсірепов *тілі тұтас* деп «тіл бірегейлігін», *әні-күйі тұтас* деп эстетикалық таным бірегейлігін, *мінез-құлық, намыс, көнбістік (толеранттылық), қонақжайлылық, жастарға тән үйлесім* деп ұлтқа тән этнотілдік орта бірегейлігі мен құндылықтарын айтқан екен. Сөйтіп, ұлт бірегейлігінің құндылықтарының негізгі компоненттерін түстеп, түгендеп беріпті.

Әдебиеттер тізімі

1. Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. Энциклопедия. Ғылыми басылым. Толықтырылып, өңделіп екінші рет басылуы. 5-том. Алматы: ТОО «Алем Даму Интеграция», 2017. – 816 б. (иллюстрацияланған).
2. Фиельструп Ф.А. Из обрядовой жизни киргизов начало XX века / Ф.А.Фиельструп [от.ред. Б.Х.Кармышева, С.С.Кубайева]. Ин-т этнологии и антропологии им. Н.Н.Миклухо-Маклая. Москва: Наука, 2002. – 300 с.ил.
3. Алтынсарин Ы. Орынбор ведомствосы қазақтарының өлген адамды жерлеу және оған ас беру дәстүрінің очеркі // Қазақ халқының дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары. 2-том: Дүниеге келгеннен өмірден озғанға дейін (отбасылық әдет-ғұрыптар ертеректегі авторлардың еңбектері бойынша) // Құраст. С.Әжіғали. – Алматы: Арыс, 2006. – 416 б.
4. Плотников В. Ас. Орал сырты қазақтарының тұрмысынан этнографиялық очерк // Қазақ халқының дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары. 2-том: Дүниеге келгеннен өмірден озғанға дейін (отбасылық әдет-ғұрыптар ертеректегі авторлардың еңбектері бойынша) // Құраст. С.Әжіғали. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2006. – 416 б.
5. Мүсірепов Ғ. Тұтқын қыз. Повестер және ойтөлғамдар. Дайындаған Ә.Нарымбетов. – Алматы: Балауса, 1993. – 512 б.

N.M. Uali, R.N. Shoibekov

The Central State Museum of Republic of Kazakhstan, Almaty, Kazakhstan

Ethno-semantic analysis of the types and functions of the Kazakh wedding

Abstract. The article demonstrates an ethno-semantic analysis of the cultural and social features of ancient and modern events. Kazakh holidays refer to a solemn event held with the participation of many people from near and distant villages and districts. The person who held the feast intends to receive the blessing of the public. Due to the fact that at the beginning of the wedding it is necessary to make a sacrifice and ask for support from the ancestors, thereby warn against the destructive actions of the aruak (spirits), mystical forces. Events such as shildekhana, besik toi, sundet toi, occupy the main place in Kazakh life, and important events such as a wedding associated with kyz uzatu, marriage, as well as events such as saban toi, kymyzmuryndyk, biye

akytu, kyeke alu, kyrman kandau, shashyratky беру are communal and refer to large and small events related to the collective economic cycle. For the wedding, which is often held in summer jailau, messengers are sent in advance, singers-kuysshi, akyns, wrestlers are invited, baiga is announced and the games such as kokpar, kyz kuu, tenge ilu (kumis alu), zhamby atu, zhorga salu and other competitive events are organized. In this regard, everyone tries not to miss entertainments, events. People come to the events mainly for entertainment, to cheer up. The article provides an ethnosemantic analysis of the cultural and social characteristics of old weddings and modern weddings.

Keywords: hedonic values, ambivalent evaluativeness, ethical norm, frame script, etiquette stereotypes, increased idleness of character, biosocial organism, aesthetic knowledge, ethnocultural community.

Н.М. Уали, Р.Н.Шойбеков

Центральный Государственный музей Республики Казахстан, Алматы, Казахстан

Этносемантический анализ видов и функций казахской свадьбы

Аннотация. Казахская свадьба относится к торжественному мероприятию с участием множества людей аула-аймака, из ближнего и дальнего окружения. Человек, проводящий пир, намеревается получить благословение публики в связи с тем, что в начале свадьбы необходимо принести жертвоприношение, попросить поддержки у предков и тем самым предостеречь от губительных действий духов-аруаков, мистических сил. Такие важные мероприятия, как қыз ұзату, жемітба, шілдеханана, бесік той, сүнет той, занимают основное место в казахском быту, а сабан той, кымызмұрындық, бие ағыту, күйек алу, қырман қандау, шашыратқы беру относятся к большим и малым общинным мероприятиям, связанным с коллективным хозяйственным циклом. Перед свадьбой, которая часто проводится на жайлау, заранее посылаются гонцы, приглашаются певцы, күйші, акыны, борцы, на тое проводятся такие игры, как байга, кокпар, қыз қуу, тенге ілу (күміс алу), жамбы ату, жорға салу и иные соревновательные состязания. В связи с этим каждый старается не пропустить эти мероприятия. Люди на свадьбу приезжают в основном для развлечения, поднятия настроения. В статье проводится этносемантический анализ культурных и социальных особенностей старинных и современных свадеб.

Ключевые слова: гедонические ценности, амбивалентная оценочность, этическая норма, фрейм-сценарий, этикетные стереотипы, повышенная праздность характера, паремиологизмы, биосоциальный организм, эстетическое познание, этнокультурное сообщество.

References

1. Kazaktyn etnografiyalık kategoriyalar, ugymdar men ataularynyn dasturli zhujesi. Enciklopediya. Gylymi basylym. Tolyktyrylyp, ondelip ekinshi ret basylyuy. 5-tom [The traditional system of Kazakh ethnographic categories, concepts, and names. Encyclopedia. Scientific publication. Supplemented, edited and reprinted. 5 vol.] («Alem Damu Integration» LLP, Almaty, 2017, 816 p.), [in Kazakh].
2. Fielstrup F. A. Iz obryadovoj zhizni kirgizov nachalo HKH veka [From the rite of Kyrgyz life in the beginning of 20th century] In: etnologii i antropologii im. N.N. Mikluho-Maklaya [The institute of ethnology and anthropology after N. N. Mikluho Maclay], (Nauka, Moscow, 2002, 300 p.), [in Russian].
3. Altynsarin Y. Orynbor vedomstvovsy kazaktarynyn olgen adamdy zherleu zhane ogan as беру dasturinin ocherki [An essay on the tradition of burying and funeral feeding of the Kazakhs of the Orenburg department] Kazak halkynyn dasturleri men adetguryptary. 2-tom: Duniege kelgennen omirden ozganga dejin (otbasylyk adetguryptar erterektegi avtorlardyn enbekteri bojnynsha) [Traditions and customs of the Kazakh people. Vol. 2: From birth to death (family customs-according to the works of ancient authors)], (Arys, Almaty, 2006, 416 p.), [in Kazakh].
4. Plotnikov V. Oral syrty kazaktarynyn turmysynan etnografiyalık ocherk. Kazak halkynyn dasturleri men adet-guryptary. 2-tom: Duniege kelgennen omirden ozganga dejin (otbasylyk adet-guryptar erterektegi avtorlardyn enbekteri bojnynsha) [Meal. Ethnographic essay on the life of Kazakhs outside the Urals. Traditions and customs of the Kazakh people. Vol. 2: From birth to death (family customs-according to the works of earlier authors)] (Arys, Almaty, 2006, 416 p.), [in Kazakh].
5. Musrepov G. Tutkyn kyz. Povester zhane ojtolgamdar. Dajyndagan A. Narymbetov [Hostage girl. Stories and penerations. Prepared by A. Narymbetov], (Balausa, Almaty, 1993, 512 p.), [in Kazakh].

Авторлар туралы мәлімет:

Уәли Нұргелді Мақажанұлы – филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік орталық музейі, Алматы, Қазақстан.

Шойбеков Рүстембек Нұсқабекұлы – филология ғылымдарының докторы, доцент, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік орталық музейі, Алматы, Қазақстан.

Uali Nurgeldy Makazhanuly – Doctor of Philological Sciences, Professor, The Central State Museum of the Republic of Kazakhstan, Almaty, Kazakhstan.

Shoibekov Rustembek Nuskabekuly – Doctor of Philological Sciences, Associate Professor, The Central State Museum of the Republic of Kazakhstan, Almaty, Kazakhstan